

Шығыс Қазақстан облысы бойынша бюджет қаражатының көлемі шегінде балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2022 жылғы 25 қаңтардағы № 14 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 2 ақпанда № 26726 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы "Білім туралы" Заңының 6-бабы 2-тармағының 8-4) тармақшасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысы бойынша бюджет қаражатының көлемі шегінде балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысы бекітілсін.

2. "Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесіне (С.А.Жумадилова) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы оның ресми жарияланғаннан кейін Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары А.М. Мухамедчиновке жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шығыс Қазақстан облысы әкімі

Д. Ахметов

Шығыс Қазақстан облысы
әкімдігінің
2022 жылғы 25 қаңтардағы
№ 14 қаулысына қосымша

Шығыс Қазақстан облысы бойынша бюджет қаражатының көлемі шегінде балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысы

№	Қосымша білім беру бағыттарының түрлері	Білім алушылар және (немесе) тәрбиеленушілер саны	Бір білім алушыға және (немесе) тәрбиеленушіге жұмсалатын шығыстардың айына орташа құны, теңге
1	2	3	4
Көркем-эстетикалық бағыт			
1	Би ырғағында (хореография)	1500	14926

2	Музыкалық орындаушылық өнер	450	14926
3	Әдеби шығармашылық	450	14926
Сәндік-қолданбалы бағыт			
1	Акварель сиқыры	450	13720
2	Көркем фотосурет	100	14065
3	Ағаш ою	50	14926
4	Сиқырлы жіп	100	13720
5	Қыш өнері	100	14926
Ғылыми-техникалық бағыт			
1	3D модельдеу	150	14926
2	Бағдарламалау	240	14926
3	Робототехника	150	14926
4	Қызықты ғылымдар әлемі	150	14926
Туристік-өлкетану және экологиялық-биологиялық бағыт			
1	Флора мен фауна әлемі	150	14065
2	Туристік өлкетану және археология	150	14065
Спорттық бағыт			
1	Баскетбол	100	11672,7
2	Күрес (барлық түрлері)	100	10811,6
3	Классикалық волейбол	100	11672,7
4	Көркем гимнастика	80	11672,7
5	Каратэ	100	10811,6
6	Жүзу	50	14256,0
7	Үстел теннисі	80	10811,6
8	Тоғызқұмалақ	100	10467,1
9	Футбол	150	11672,7
10	Шахмат	150	10467,1